

Қабылданды
Абай ат.ММИ 29.08.2024 жылғы
педагогикалық кеңестің
отырысында № 2 хаттама



**Ұлытау облысы білім басқармасының «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ оқушылары мен ата-аналарына арналған
ішкі тәртіп Ережесі**

1. Жалпы Ережелер

- 1.1. Осы оқушылардың ішкі тәртіп ережелері (бұдан әрі-ереже) 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 6-бабының 2 тармағының 24-7 тармақшасына, 43-бабы 3-тармағының 1-тармақшасына сәйкес білім алушылар мен ата-аналардың пікірін ескере отырып әзірленді.
- 1.2. Осы ереже оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру режимін, оқушылар мен ата-аналардың құқықтары мен міндеттерін, мектеп сабақтары, өзгерістер, сыныптан тыс және мектептен тыс іс-шараларды, оқушылардың мінез-құлқының негізгі нормалары мен ережелерін анықтайды.
- 1.3. Ереже білім беру ұйымының оқушыларымен және тәрбиеленушілермен өзара қарым-қатынастарын ретке келтіреді.
- 1.4. Ереже – мектеп ұжымы жұмысының ұйымдастырылуын регламенттеуге, қалыпты жұмысқа, жұмыс уақытын тиімді қолдануға, еңбек тәртібін нығайтуға, педагог қызметкерлер, оқушылар, ата-аналар үшін жайлы орта құруға арналған.
- 1.5. Бұл Ережені мектеп қоғамдастығының оқушылар мен тәрбиеленушілер, ата-аналар (заңды өкілдері) орындауға міндетті.
- 1.6. Ереже жалпыға таныстырылу үшін мектептің қолжетімді жерлеріне ілінеді, мектеп сайтына салынады. Сонымен қатар, төмендегідей жағдайларда таныстырылады:
Ата-аналарға (заңды өкілдеріне):
- мектепке қабылдау конкурсына қатысу туралы өтініш жазу барысында;
- қол қоя отырып, мектепке түсу туралы өтініш тапсыру барысында;
- ата-аналар мен мектеп жиналыстарында, тәрбие сағаттарда таныстырылады.
Оқушылар мен тәрбиеленушілерге:
- сыныптық тәрбие сағаттарында таныстырылады.
- 1.7. Ереже бұзылған жағдайда ҚР заңнамалары мен нормативтік құжаттары, ҚР Еңбек кодексі, Мектеп Жарғысы, білім беру мекемесімен жасалған келісімшарттар және мектеп әкімшілігінің өзіне берілген құқықтық құзыреттері шеңберінде мәселелерді шешу жолдары мен тәртіптік шараларды қарастырады.

2. Мектепте оқу үрдісін ұйымдастыру

- 2.1. Мектеп бір ауысыммен жұмыс жасайды. Бірінші ауысым 8:30-да басталады. Сабақтардың ұзақтығы уақыт бойынша – 45 минуттан. Оқушылар мектепке 08:00-ден кешікпей келу керек. Себепсіз кешігіп келуге жол берілмейді.
- 2.2. Қоңырау кестесі:
- І ауысым
- | | |
|----------------------|--------------------------|
| 1-сабақ 8:00-08:45 | 5 мин үзіліс |
| 2-сабақ 08:50- 09:35 | 10 мин үзіліс |
| 3-сабақ 09:45-10:30 | 5 мин үзіліс |
| 4-сабақ 10:35-11:20 | 10 мин үзіліс |
| 5-сабақ 11:30-12:15 | 5 мин үзіліс |
| 6-сабақ 12:20-13:05 | 30 мин үзіліс (түскі ас) |
| 7-сабақ 13:35-14:20 | 5 мин үзіліс |
| 8-сабақ 14:25-15:10 | 5 мин үзіліс |

Вариативтік сабақтар (курстар, үйірмелер)

14:30 – 17:00 дейін аралықта, ұзақтығы 35 минут, әр сабақ арасында 5 мин үзіліс

2.3. Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету кестеге сәйкес жүзеге асырылады.

2.3. Оқу мерзімі және каникул күндері: орта білім беру ұйымдарында оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік құқықтық актілері негізінде анықталады.

2.4. Мемлекеттік мерекелік күндер:

1-қыркүйек Білім күні;

25-қазан Республика күні;

16-17-желтоқсан ҚР Тәуелсіздік күні;

1-қаңтар Жаңа жыл мерекесі;

1-наурыз Алғыс айту күні;

8-наурыз Халықаралық әйелдер күні;

22-наурыз Наурыз мейрамы;

1-мамыр ҚР халқының бірлігі күні;

7-мамыр Отан қорғаушылар күні;

9-мамыр Жеңіс күні;

6-шілде Астана күні;

30-тамыз Конституция күні.

2.5. Сабақ кестесі.

Мектеп әкімшілігі оқу жоспарына сәйкес, апталық сабақ кестесін құрады. Сабақ кестесін білім беру ұйымының басшысы бекітеді. Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және реті көрсетіледі. Мектептің сабақ кестесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы мен белсенді демалуына, "Дене шынықтыру" сабақтары болған жағдайда киім ауыстыруына ұзақтығы жеткілікті үзілістер беріледі. Сабақ кестесі білім алушылардың оқуы, тәрбиеленуі және дамуы, оқытушылардың қызметінің қолайлығы, мектептің оқу кабинеттерін тиімді қолданылуы ескеріле отырып, "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарын" бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 ж. 16 тамыздағы №611 бұйрығы талаптарына сай жасалады.

Арнаулы курстар мен факультатив сабақтардың, үйірмелердің кестесі бөлек жасалады, мектеп директоры бекітеді.

Сабақ кестелері оқушылар мен мұғалімдерге, ата-аналарға қолжетімді жерлерде ілінеді. Сонымен қатар, электронды жүйеде (Bilimclass) және мектеп сайтына да салынады. Мамандандырылған мектеп-интернаты толық күн режимінде, бескүндік жұмыс жасайды.

2. Оқушыларды қабылдау, сыныптан сыныпқа көшіру және оқудан шығару тәртібі

2.1. Оқушыларды қабылдау тәртібі «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» (ҚР БҒМ 12.10.2018 ж. №564 бұйрығымен бекітілген) сәйкес жүргізіледі.

4.2. Қабылдау оқушының туу туралы куәлігі, 065, 052, 027 формадағы медициналық анықтамалары болған жағдайда ата-ананың (занды өкілінің) өтінішінің негізінде жүзеге асырылады, ол ата-аналарға құжаттарды қабылданғаны туралы растау құжатын беру арқылы бекітілген үлгідегі мемлекеттік қызмет көрсету журналына тіркеледі.

4.3. Оқуға қабылдау конкурстық іріктеу негізінде жүргізіледі. Оқушыларға іріктеу жүргізудің мазмұны мен нысаны, қабылдау мектептен шығару, оқушыларды ауыстыру және мектепті бітіру тәртібі білім беру ұйымының жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

4.4. Оқушыларды қабылдауда педагогикалық кеңестің ұсынымдары ескеріледі.

4.5. Ата-аналар өтініш берген кезде ата-аналық құқығын растайтын құжаттарды көрсетуге тиіс.

4.6. Білім алушыларды мектепке қабылдаған кезде мектеп әкімшілігі білім алушылардың ата-аналарын (занды өкілдерін) келесі құжаттармен таныстыруға міндетті:

- мектеп Жарғысымен;
- білім беру қызметін жүргізу құқығын беретін лицензиямен және оның қосымшаларымен;
- осы ережелермен;
- келісім-шарт жасалады.

4.7. Оқушыны мектепке қабылдау туралы бұйрық шыққан соң оқушының әліпбилік жазба кітабындағы нөмірге сәйкес жазба жасалады.

4.8. Оқушыны мектептен шығарған кезде әліпбилік кітапқа оның кеткен жерін және кету себебін (мектеп бойынша бұйрық) көрсете отырып, сәйкес жазба жасалады.

4.9. Оқушы оқу жылының ішінде бір мектептен басқа мектепке ауысқан жағдайда негізгі құжаттармен қатар мектеп директорының қолымен және мөрімен куәландырылған білім алушының оқу үлгерімі ведомосы қоса беріледі.

4.12. Оқушыны мектептен шығару ҚР «Білім туралы» Заңымен және мектептің Жарғысымен көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

4.13. Басқа оқу орнына ауысуына байланысты оқушыны мектептен шығарған кезде міндетті жалпы білім беру заңнаманың сақталуына бақылау жүргізу мақсатында, оның ата-анасы құжаттарды тапсырған соң, оқушының сол мектепке қабылданатыны туралы растау анықтамасын ұсынады.

4.14. Оқу жылының бағдарламасын ойдағыдай бітірген, көшіру немесе қорытынды емтиханын ойдағыдай тапсырған оқушылар мектептің педагогикалық кеңесінің ұсынысымен, директордың бұйрығы негізінде келесі сыныпқа көшіріледі.

3. Білім алушылардың міндеттері мен құқықтары

3.1. Оқушының құқықтары:

- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;
- жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беретін оқу бағдарламалары негізінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберінде мектептің педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша оқуға;
- оқу жоспарларына сәйкес балама курстарды (таңдау, элективті, бейінді), үйірмелерді таңдауға;
- мекеменің ақпараттық ресурстарын тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және құралдармен қамтамасыз етілуге;
- спорттық, кітап оқу, жиын залдарын, компьютерлік сыныптарды және кітапхананы тегін пайдалануға;
- өз пікірі мен көзқарасын еркін білдіруге;
- оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін марапатталуға және сыйақы алуға;
- өзінің шығармашылық қабілеттері мен қызығушылықтарын дамытуға, оның ішінде байқауларға, олимпиадаларға, көрмелерге, спорттық іс-шараларға, соның ішінде ресми спорттық жарыстарға және басқа да бұқаралық іс-шараларға қатысуға;

3.2. Оқушының міндеттері:

- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, іскерлікті, практикалық дағдылар мен құзыреттілікті меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, білім беру ұйымының жарғысында көзделген басқа да талаптарды орындауға;
- мекеменің мүлкіне ұқыпты қарауға, сақтауға, ал бүлінген жағдайда ата-анамен бірлесе отырып жөндеуге немесе бүліну шығынын өтеуге және адал болуға;
- басқа оқушылар мен оқу орнының қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге, дөрекілікке жол бермей, зорлық пен келеңсіз қарым-қатынасты болдырмауға;
- оқушылар білім мекемесімен бекітілген киім үлгісін сақтауға: ұлдарға арналған киім үлгісі: қою көк түсті костюм (шалбар, пиджак), ақ жейде және көк түсті галстук; қыздарға арналған киім үлгісі: қою көк түсті пиджак, қою көк түсті белдемше мен кеудеше және ақ блузка;
- себепсіз сабақты босатпай оқуға;
- денсаулығына немесе басқа да маңызды себептерге байланысты сабаққа келе алмайтын, кешігіп келетін жағдайда алдын-ала сынып жетекшіге ескертуге;

- оқулықтар мен кітапхананың әдеби кітаптарына жауапкершілікпен қарауға, жоғалған немесе бүлінген жағдайда құнын өтеуге;

- сабақ кестесіне сай оқу-құралдарын үнемі алып жүруге, ұқыпты ұстауға;

3.3. Тыйым салынады:

- білім беру мекемесінің аумағына кез келген мақсатта қару, жарылғыш немесе өртенгіш заттар, газды шынылар, спирттік сусындар, адам денсаулығына зиян келтіретін заттарды (темекі, есірткі, тағы да басқа есеңгірететін немесе улы құралдар) алып келуге;

- оқу үрдісі кезінде ұялы телефондар, смартфондар, жеке планшеттер, басқа да гаджеттерді мұғалім рұқсатынсыз қолдануға;

- мектепте діни киімдер мен діни атрибуттар киюге, бас киіммен жүруге;

4. Жалпы тәртіп ережелері

4.1. Оқушылар мектепке мектеп формасын киіп, таза күйінде сабақ басталар алдында 10 минут қалғанда кешікпей келулері керек.

4.2. Мектепке кіргеннен кейін оқушылар сыртқы киімдерін және аяқ киімдерін шешіп екінші аяқ киімдерін киеді, шаштарын әдемілеп, киімдерін дұрыстап, сыныпқа кіріп оқу құралдарын дайындап мұғалімді күтіп отырады.

4.3. Оқушы сабаққа келгенде қажетті кітап, дәптер, жазу-сызу құралдарымен келуі керек. Әр сабақтың алдында сол сабаққа қажетті оқу құрал – жабдықтарын дайындап қоюға тиісті.

4.4. Мектеп оқушыларына тыйым салынады:

- өзімен бірге сабаққа кедергі жасайтын заттарды, басылымдарды, ойын заттарын әкелуге;

- ақша салып ойнайтын ойындар ойнауға;

- бөтен нәрселер әкеліп сатуға, айырбастауға;

- сабақта, үзіліс кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзуға;

4.5. Оқушылар бір- бірімен достық, әдептілік, қайырымдылық қарым- қатынаста болу керек. Жаман әдеттерден аулақ болуы тиіс.

4.6. Бір-бірімен сөйлескенде бұзақы, бейбастақ сөздерді қолданбай, тіл мәдениетін сақтап сөйлесуі керек.

4.7. Оқушылар себепсіз сабақ босатпауы тиіс, босатқан күнде себебін мұғалімге жеткізуі керек.

4.8. Ауру себепті немесе басқа да себепті жағдайлармен сабақтан қалғанда, оқымай қалған сабақтарын мұғалімнің көмегімен оқып түсінуі қажет.

4.9. Оқушылардың білімі мен тәрбиесі үшін жасалған мектептегі барлық талаптарын оқушылар міндетті түрде орындауға тиісті.

4.10. Оқушылар мектептің ішкі- сыртқы тазалығын сақтауға, кезекші оқушылардың талаптарын орындауға міндетті.

4.11. Каникул күндерінің алдында, соңында оқушылар сабақтан қалмауға, уақытында сабаққа келуге тиісті.

5. Сабақ кезіндегі тәртіп ережелері

5.1. Мұғалім сыныпқа кіргенде оқушылар орындарынан тұрулары керек. Олар амандасқаннан соң және мұғалімнің рұқсатынан кейін орындарына отырады. Осылай оқушылар сабақ кезінде сыныпқа кіріп келген әрбір кісімен амандасып қарсы алулары керек.

5.2. Сабақ кезінде мұғалім сабақтағы тәртіп ережесін өзі орнатады.

5.3. Сабақ үстінде шулауға, өзі басқа нәрсеге алаңдап және де жолдастарын да сөзге тартып, ойынмен алаңдатуға болмайды.

5.4. Егер оқушы бірдеңе айтқысы, сұрақ қойғысы келсе, ол қолын көтеріп, мұғалім рұқсат берген соң сөйлеуі керек. Мұғалім басқа да тәртіп ережелерін қоя алады.

5.5. Сабақ кезінде оқушы мұғалімнің айтқандарын тиянақты тыңдап, жазып отыру керек. Үй тапсырмасын күнделікке мұқият жазып алу керек, аптаның соңында мұғалім күнделікті тексеріп, ата-ананың қолын қойдыруды талап етеді.

5.6. Сабақ аяқталған туралы қоңырау мұғалім үшін соғылады. Ол сабақ аяқталуының дәл уақытын белгілеп оқушыларға оның аяқталғаны туралы хабарлайды.

5.7. Егер оқушы мектептегі сабақты босатса, ол сынып жетекшісіне медициналық анықтаманы немесе ата-анасынан қысқаша хат әкелуі керек. Сабақты дәлелді себепсіз қалдыруға немесе сабаққа кешігіп келуге рұқсат етілмейді.

5.8. Сабақ барысында оқушы шу шығармауға, басқаны алаңдатпауға, сабаққа қатысы жоқ бөгде әңгімелер, ойындар және басқа да әрекеттер жасауға мүмкіндік бермеуі керек. Оқушы сабақ уақытын тек білім алу мақсатында пайдалануы керек.

5.9. Сабақ кезінде мұғалімнің рұқсатынсыз аудиториядан шығуға болмайды. Қажет болған жағдайда оқушы мұғалімнен рұқсат сұрауы керек.

6. Үзіліс кезінде, сабаққа дейін және сабақтан кейін өзін-өзі ұстау ережелері

6.1. Оқушылар демалу үшін үзіліс уақытын пайдаланады.

6.2. Үзіліс кезінде оқушылар: өздерінің жұмыс орнын қалпына келтіріп қоюға; сыныптан шығуға; кезекші мұғалімдердің және де басқа жұмыскерлердің талаптарына бағынуға міндетті.

6.3. Үзілісте: баспалдақтармен жүгіруге, терезе ойығы, шыны витрина немесе басқа да ойнауға арналмаған жерлерде жақын, бір-бірін итеріп, заттарды лақтыруға және күш көрсетіп жаман, былапыт сөздерді айтып қол сермеп, басқа қылықтар жасап шулауға, басқаларға демалуға, жұмыс істеуге кедергі жасауға болмайды.

7. Асханадағы өзін-өзі ұстау ережелері

7.1. Оқушылар асханада үзіліс кезінде және белгіленген кестеде уақытында ғана тамақтанады.

7.2. Асханада жүгіруге, секіруге, бірін-бірі итеруге, заттарды, тамақты, ыдыс-аяқтарды лақтыруға болмайды.

7.3 Оқушылар тамақ ішкеннен кейін ыдыстар мен ас құралдарын өздері жинайды.

7.4. Оқушылар гигиеналық және санитарлық нормаларды сақтайды:

- тамақ ішер алдында қолды сабынмен жақсылап жуып, құрғату керек;
- басқалармен тамақты немесе сусынды бөліспеу керек;
- барлығы бір ас қасықты қолдануға болмайды.

7.6. Асханада болғанда оқушылар: ыстық және сұйық тамақ алып жатқан кезде жан-жағына назар аударып абай болулары керек; Тамақты үстел бетіне емес, табаққа салу керек.

7.7. Асханадан алған немесе үйлерінен алып келген тамақты асхананың ішінде ғана жеулері керек.

7.8. Асханада сыртқы киіммен жүруге болмайды.

7.9. Ауызсу режимін қамтамасыз ету үшін таза ауыз суды таратуға болады.

7.10. Мұғалімдердің немесе асхана жұмыскерлерінің талаптарына бағынады: тамақты кезекпен алады: тамақтанғаннан соң үстелдің үстін жинайды.

7.11. Асханадағы тәртіпті сынып жетекшісі мен кезекші мұғалім қамтамасыз етеді.

7.12. Тамақтану кезінде оқушылар тамақтану мәдениетін сақтайды:

- ас құралдарын дұрыс пайдалану;
- тамақты ұқыпты ішіп, сөлеспеу;
- сстық және сұйық тағамдарды қабылдағанда және тұтынғанда сақ болу;

8. Ата-аналардың (занды өкілдердің) құқықтары мен міндеттері.

8.1. Ата-аналардың (занды өкілдер) құқықтары:

- мемлекеттік мекеме ұсынатын мүмкіндіктер шеңберінде оқу нысанын таңдауға;
- оқушылардың заңды құқықтары мен мүддесін қорғауға;
- қамқоршылық кеңес немесе ата-аналар комитеті арқылы мемлекеттік мекемені басқару органдарының жұмысына қатысуға, мүшесі болуға;
- оқушының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;
- оқушыны оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша консультациялық көмек алуға;
- мектеп Жарғысы мен білім беру үдерісінің ұйымдасу тәртібін белгілеуші басқа құқық орнатушы және нормативтік құжаттармен, соның ішінде осы Ережемен танысуға;

- сабақтарға (әкімшілік пен мұғалімнің келісімімен) және оқу, оқудан тыс қызметтің басқа түрлеріне қатысуға;
- қолданыстағы заңнаманың шеңберінде еріктіліктің негізінде сыныптың, мектептің дамуына қайырымдылық түрінде материалдық көмек көрсетуге;
- мектеп Жарғысы мен осы Ереже шарттарының орындалуын талап етуге.

8.2. Ата-аналардың (заңды өкілдер) міндеттері:

- оқушының өмірі, білім алуы үшін саламатты және қауіпсіз жағдай жасау, олардың зияткерлік және дене қабілеттерінің дамуын, рухани қалыптасуын қамтамасыз етуге;
- мемлекеттік мекеменің жарғысында белгіленген ережелердің орындалуын қамтамасыз етуге;
- оқушының мемлекеттік мекемеде сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге;
- оқушының мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің ар-намысы мен абыройына құрметпен қарауын қамтамасыз етуге;
- мемлекеттік мекемеде белгіленген стиль мен оны кию тәртібіне сәйкес мектеп формасына қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз етуге;
- ішкі тәртіп ережелерінің орындалуын, мемлекеттік мекеменің мүлкіне ұқыпты қарауды қамтамасыз етуге;
- залал келтірілген жағдайда мемлекеттік мекеменің мүлкін толық қалпына келтіруді немесе өтеуді қамтамасыз етуге;
- сабақтан тыс уақытта, оның ішінде каникулдық уақытта білім алушының бос уақытын, жұмыспен қамтылуын және тәрбиесін ұйымдастыру үшін толық жауапты болуға;
- мемлекеттік мекемеден білім алушыларды каникул, мереке және іс-шаралар кезінде уақытында алуға; өзге өкілдер - тек нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша;
- мектепке оқушы туралы уақытылы қажетті ақпарат беруге, баланың сабақта болмаған себебін хабарлауға;
- оқушыларға академиялық қарызын жоюды қамтамасыз етуге;
- баланың ойдағыдай оқуы және тәрбиеленуі үшін қажетті құралдармен, соның ішінде спорттық киіммен, ауыстыратын аяқ киіммен, еңбекке оқытуға арналған формамен қамтамасыз ету жауапкершілігін алып баруға;
- шақырған уақытына қарай сынып және жалпымектептік ата-аналар жиналыстарына қатысуға, мектепке педагогтардың, әкімшіліктің шақыруымен келуге;
- мектеп қызметкерлерінің еңбегі мен құқығын құрметтеуге, олардың педагогикалық мәртебесін қолдауға;
- баланың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай жүруіне, денсаулыққа байланысты зиянды заттарды пайдаланбауын қадағалауға;
- қолданыстағы заңнамадағы нормаларды, Жарғы мен осы Ереженің талаптарын орындауға.

9. Оқушылардың құқықтарын қорғау

9.1. Өз құқықтарын қорғау мақсатында оқушылар мен олардың заңды өкілдері өз бетінше немесе олардың өкілдері арқылы мыналарға құқылы:

- оқушылардың құқықтарының, бостандықтарының және әлеуметтік құқықтарының бұзылуы және (немесе) шектеу қойылуы туралы өтініштерді мектеп әкімшілігіне жолдауға;
- оқушылар арасында дауларды шешу мәселелерін қарау үшін арнайы комиссиямен шешуге;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа әрекеттермен құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға.

10. Қорытынды ережелер

10.1 Осы Ереже Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернатының барлық оқушылары, ата-аналары және мектепке түрлі іс-шараларға облыстың басқа да мектептерінен келген оқушылары үшін де қолданылады.

10.2. Осы Ереже оқу жылының басында сынып сағаттарында, ата-аналар жиналысында оқушылардың, ата-аналардың назарына жеткізіледі.

10.3. Осы Ереже міндетті түрде білім беру ұйымының ресми сайтында орналастырылады.